



«ПРЕКІТЕМІН»

Құлажанов атындағы ҚТЖБУ» АҚ

Л.К. Байболова

2025 жыл

**«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
Президентінің кубогына арналған факультеттер арасындағы
спартакиадасының
Е Р Е Ж Е С І**

1. Мақсаты мен міндеттері:

- салауатты өмір салтын насихаттау;
- студенттерді дене тәрбиесі және спортпен әрдайым шұғылдануға жаппай ынталандыру;
- студент жастар арасынан дарынды спортшыларды анықтау мен қолдау.
- Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға бейімдеу.

2. Спартакиадаға қатысушылар:

Жарыстарға Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінде күндізгі бөлімінде оқитын студенттерден құралған факультеттер құрама командалары қатыса алады. **Әр факультеттен 2 құрама команда қатысады.**

Спорттық ойын түрлерінің әрбір жарысына командалар спорттық формамен қатысулары қажет. Командалардың жарыстарға қатысуына, тәртібіне және спорттық формамен қамтамасыз етілуіне факультеттердегі деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары толығымен жауап береді.

3. Бағдарлама, өткізілу мерзімдері мен орындары:

№ р/с	Спорт түрлері	Команда құрамы	Өткізілу мерзімдері, уақыты	Өткізілу орындары
1	Футзал (ерлер)	15 адам	14-17 қазан 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
2	Волейбол (ерлер)	10 адам	28-31 қазан 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
3	Волейбол (қыздар)	10 адам	4-7 қараша 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
4	Стритбол (ерлер)	6 адам	11-12 қараша 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
5	Стритбол (қыздар)	6 адам	13-14 қараша 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
6	Тоғыз құмалақ	2 ер, 1 қыз	18-19 қараша 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
7	Шахмат	2 ер, 1 қыз	20-21 қараша 2025 ж.	Спорт кешені
8	Үстел теннисі	2 ер, 1 қыз	25-26 қараша 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
9	Қол күресі	9 адам	27 қараша 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені
10	Қазақ күресі	7 адам	03 желтоқсан 2025 ж. 18:00-21:00	Спорт кешені

4. Спартакиаданы өткізу басшылығы:

Спартакиаданы өткізудің жалпы басшылығын университет ректораты жүзеге асырады. Спорт түрлері бойынша жарыстарды тікелей өткізу дене тәрбиесі кафедрасы бекітілген бас төрешілер алқасына жүктеледі.

Төрешілер алқасының құрамы:

1. Е.К.Сатбаев - спартакиаданың бас төрешісі, дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі.
2. С.Д.Сулейменов – футбол (ерлер) және волейбол (ерлер) жарыстарының аға төрешісі.
3. Б.К.Мырзағалиев - волейбол (қыздар) жарысының аға төрешісі.
4. А.С.Шкурков - стритбол (қыздар), стритбол (ерлер) жарысының аға төрешісі
5. К.Р.Бегайдаров – қол күресі жарысының аға төрешісі
6. А.К.Аяпов – үстел теннисі жарысының аға төрешісі
7. Ж.Т.Кенжебалин – шахмат жарысының аға төрешісі
8. Е.Ш.Омаров – тоғызқұмалақ жарысының аға төрешісі
9. Ж.Д.Ибраев – қазақ күресі жарысының аға төрешісі

5. Спорт түрлерінің өткізілу шарттары:

Барлық спорт түрлері бойынша жарыстар қолданыстағы ережелерге сәйкес өткізіледі.

- **Футзал, баскетбол, волейбол** – Қатысушы командалар жеребе арқылы А және Б екі топқа бөлінеді. Топтардағы ойындар айналмалы жүйе бойынша өткізіледі.

- **Футзал, стритбол (ерлер), волейбол (ерлер)** жарыстарында әр топта 1-2 орын алған командалар жартылай финалдық жұптарды құрап (А1 – Б2, А2 – Б1), жеңіске жеткендері 1-2 орындарға, жеңілгендері 3-4 орындарға ойнайды.

- **Волейбол (қыздар), стритбол (қыздар)** жарыстарында әр топта 1-2 орын алған командалар финалдық жұптарды құрап (А1 - Б1, А2 - Б2), 1-2 орындарға, 3-4 орындарға ойнайды.

- **Үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат** – жарыстар қазіргі ережелер бойынша командалық есеппен өткізіледі. Командалар арасындағы кездесулер айналма жүйесі бойынша өткізіледі.

- **Қол күресі** – салмақ дәрежелері: 55, 60, 65, 70, 75, 80, 85, 90, 90 кг - нан жоғары + 1 кг артық жіберіледі, (қосарландыру 2 салмақта рұқсат етіледі). Қол күрестіру оң қолмен өткізіледі.

- **Қазақ күресі** – салмақ дәрежелері: 55, 60, 66, 74, 82, 90 кг, 90 кг – нан жоғары. + 1 кг артық жіберіледі, ақтық сайысқа шыққан спортшыдан ұтылғандар ынталандыру жүйесі бойынша 3 – орынға күреседі. Сынаққа 7 нәтиже енгізіледі (қосарландыру 2 салмақта рұқсат етіледі).

6. Өтінімдерді өткізудің уақыты мен тәртібі

- Жарыстарға қатысуға рұқсат беру туралы өтініштер бекітілген үлгі бойынша беріледі.

- Факультет декандары бекіткен үлгі және дәрігерлік рұқсат жарыс басталғанға дейін 1 күн бұрын спорт түрі бойынша бас төрешіге беріледі. Әділқазылар алқасының отырысында өтініш (қате немесе толық емес толтырылған) және факультет өкілі болмаған жағдайда команда жарысқа жіберілмейді.

- Төрешілер алқасының отырысын спорт түрі бойынша бас төреші жарысқа 1сағат қалғанда өткізеді. Қатысушылар белгіленген тәртіп бойынша өтінім жасалмаған қатысушылар спорт түрі бойынша жарысқа қатыстырылмайды.

- Жарыстың өткізілгендігі туралы құжатталған ақпаратты спорт түрлері бойынша бас төрешілер финалдық ойындардың біткен күннен кейін екі күн ішінде ДТ кафедрасына өткізеді.

7. Спорт түрлері бойынша спартакиада жеңімпаздарын анықтау:

Жалпыкомандалық есептегі жеңімпаз факультет командасы барлық спорт түрлерінде алған орындардың ең төменгі қосындысымен анықталады. Жеткіліксіз құрамы үшін, команда құрамында бөтен ойыншының болғаны анықталса, команда жарыстан шеттетіледі және 10 айып ұпайы беріледі. Әрбір командалық немесе жекелей спорт түрінде ойынға команда немесе спортшы 5 минуттан артық уақытқа кешіксе, техникалық жеңіліс беріледі. Әрбір командалық немесе жекелей спорт түрінде турнир барысының 50% ойналмаған жағдайда, команда немесе ойыншы келмесе, турнирге әрі қарай қатыстырылмайды.

8. Жеңімпаздарды марапаттау

- Жалпыкомандалық есепте жеңімпаз команда Қ.Құлажанов атындағы «ҚТЖБ» АҚ-ның дипломымен, кубокпен марапатталады. Жалпыкомандалық есепте II және III орын алған Қ.Құлажанов атындағы «ҚТЖБ» АҚ-ның дипломдарымен марапатталады.
- Спорт түрлері бойынша жарыстарда I, II, III орын алған жеңімпаздар мен жүлдегер тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталады.
- Спорттық ойын түрлері бойынша өткен жарыстарда бас төрешінің ұсынысымен үздік атанған ойыншылар Қ.Құлажанов атындағы «ҚТЖБ» АҚ-ның дипломымен марапатталады.






8. Қаржыландыру

- Кубоктар, мадақтамалар, төрешілер жұмысының ақысы, безендіру жұмыстарына қажетті қаржылар, спорттық іс-шараларға көзделген Қ.Құлажанов атындағы «ҚТЖБ» АҚ бюджетінен қаржыландырылады.

9. Келіспеушіліктер

- Жеке және командалық есепте қорытынды нәтижеге әсер еткен жарыс барысындағы ереже бұзушылық немесе төреші қателігі болғанда, сондай-ақ спортшыны жарысқа дұрыс қатыстырылмағанын анықтаған жағдайда команда өкілі жарыс аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде жазбаша түрде келіспеушілік білдіруге болады.
- Келіспеушіліктерді спорт түрі бойынша бас төрешілер алқасы бір сағат ішінде қарастырады. Жарысқа қатысушының немесе команданың, төрешінің қателігі анықталса, онда қатысушылардың нәтижелері күшін жояды. Жарысқа қатысушының немесе команданың келесі жарыстарға қатысуын спорт түрлері бойынша төрешілер алқасы анықтайды.
- Уақытында берілмеген келіспеушіліктер қабылданбайды.

Келісілген:

АС Проректоры  Э.Б. Асқарбеков
«___» _____ 2025 ж.
ТжӘЖ Проректоры  С. Бердіғалиұлы
«___» _____ 2025 ж.
ӘШС Проректоры  Е.Е. Оразбеков
«___» _____ 2025 ж.
Декан  Ж.Е. Сафуани
«___» _____ 2025 ж.
Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі  Е.Қ. Сатбаев
«19» 09 2025 ж.

